

**С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ**



Кафедра: Терапиялық стоматология

СӨЖ
Презентация

Тақырыбы: Пародонтопатогенді микрофлора

Тексерген: Абдикаримов С.Ж

Орындаған: Балқан А.С

Факультет: Стоматология

Курс: V

Тобы: 12-001-01 топ

Алматы 2016

ЖОСПАР:

□ I. Кіріспе

Ауыз қуысы – әртүрлі микроорганизмдердің тіршілік ету ортасы.

□ II. Негізгі бөлім

Пародонтопатогенді бактериялардың қасиеттері.

Пародонтопатогенді бактериялардың диагностикалық әдістері.

□ III. Қорытынды

□ IV. Пайдаланылған әдебиеттер


Адам ағзасының бейспецификалық резистенттілігін қамту жолдарында , стоматологиялық аурулардың дамуында ауыз қуысы микробиоценозының маңызы зор. Қазіргі таңда тіс жабындының бактериялық микрофлорасы кариесті, гингивитті, және пародонтит кезіндегі ауыз қуысының шырышты қабықтарының зақымдалуын тудыратын біріншілік фактор болып табылады. Иммундық тапшылық , дисбиоз болған жағдайларда ауыз қуысының шырышты қабықтарының микрофлорасы қабыну ауруларына себепкер болатыны белгілі.

Ауыз қуысы – әртүрлі микроорганизмдердің тіршілік етуіне, көбеюіне ең қолайлы биотоп, өйткені ол жерде заттектер үнемі түсіп отырады, температуралық, ылғалдылық, сілтілі микроорганизмдердің көбеюіне өте қолайлы.




Ауыз қуысында 500-ден астам бактериялар, вирустар, саңыраулықтар және қарапайымдылар мекендейді. Микроорганизмдер үнемі көп мөлшерде ұрттың ішкі бетіндегі шырышты қабығында , қызыл иектерде, қызыл иек қалталарында , тілдің бетінде , сонымен қатар тістер үстінде де кездеседі.

ПАРОДОНТОПАТОГЕНДІ БАКТЕРИЯЛАРДЫҢ ҚАСИЕТТЕРІ


- Қазіргі таңда пародонтопатогенді бактериялардың 20 шақты түрі белгілі және вируленттілік дәрежесі бойынша 2 топқа бөлінеді.
- 1-топтағы пародонтопатогендерге негізгі ауруды тудыруға ықпал ететін бактериялар тобы жатады.
- 2-топтағы пародонтопатогендерге сол ауруда екіншілік рөл атқаратын бактериялар тобы жатады




- 1-топшаға үш түрлі бактерия жатады: **Porphyromonas gingivalis**, **Aggregatibacter actinomycetemcomitans** және **Tannerella forsythia**. Бұл бактериялардың бәрі облигатты және факультативті, грамм теріс анаэробтар. Барлығы қызылик эпителийі және пародонт тіндерінде жасушаішілік паразиттер ретінді тіршілік жасайды.




- Бұлардың ішіндегі ең агрессивті түрі – ***Porphyromonas gingivalis***, облигатты анаэробты, пигменттүзуші бактерия. Пародонт тіндерінің деструкциясына қатысатын үш түрлі вирулентті факторды бөледі: **фимбри, гингипаин және липополисахарид**




- Вируленттілігі жағынан екінші орында — **Aggregatibacter actinomycetemcomitans**, грамм теріс, факультативті анаэробты коккобацилла. Бұл бактерия лейкоцит, моноцит және нейтрофилдерді зақымдау арқылы, иммундық жүйеге әсер ететін өте күшті **лейкотоксинді** бөліп шығарады. Лейкотоксин жасуша мембранасына әсер етіп, жасушалардың ыдырауын және ісікті шықырады



- **Tanerella forsythia** – вируленттілік факторы аз зерттелген. Бірақ, протео және гликолитикалық ферменттер бөліп, пародонт қабынуының көріністерін тудыратыны белгілі. Тағы бір ерекшелігі жасушалық апаптозды ынталандырады.



- 2-топшадағы пародонтопатогендерге: Treponema denticola және Prevotella intermedia жатады. Вируленттілігі бойынша олар жоғарыдағы бактерияларға қарағанда әлсіздеу, бірақ, пародонт қабынуын тудыруда өзіндік орын алар ерекшеліктері бар.



- **Treponema denticola** – иректі спирохеталар. Бұның ерекшелігі басқа бактериялармен ассоциацияланып, жергілікті тіндерде қабыну процесін тудырады. Бактерия көбінесе мына пародонтопатогендермен ассоциацияланады: **Porphyromonas gingivalis** және **Tanarella forsythia**



- **Prevotella intermedia** – таяқша тәрізді бактерия, 1-топшадағы пародонтопатогендерден әлсіздеу болатын бірнеше вируленттілік фокторлары бар. Бірақ та, бұл бактерияның күшті адгезивті қасиеті бар. Егер науқаста бұл бактерия моноинфекция түрінде кездесе, аурудың бастапқы кезеңі, ал егер басқа да бактериялармен ассоциацияланып келсе аурудың өршу кезеңі деп болжамдайды.



ПАРОДОНТОПАТОГЕНДІ БАКТЕРИЯЛАРДЫҢ ДИАГНОСТИКИЛЫҚ ӘДІСТЕРІ

- Пародонтопатогендердің негізгі диагностикалық зерттеу әдістеріне: микроскопиялық, бактериологиялық немесе культуральді және молекулярлы-генетикалық әдістері жатады (ПЦР).



□ ПЦР көмегімен бактерияның биологиясын, вируленттілік факторларын және оның пародонт пен басқа ағзаларда ауру тудыратынын анықтауға болады. Аталмыш диагностикалық әдіс тек қана пародонтопатогендерді идентификациялап қана қоймай, оған қарсы антибиотиктерді дұрыс тағайындайындауды қамтамасыз етеді.



ҚОРЫТЫНДЫ

Жалпы алғанда ауыз қуысы аэрогенді, алиментарлық, жанасу жолдарымен жұғатын көптеген инфекция қоздырғыштарының кіру қақпасы болып есептеледі.

Патологиялық үрдісті немесе ауруды уақытысында анықтау үшін, пациентті дұрыс тексеру, тиімді емдеуді тағайындау, ауру қайталуының алдын-алу үшін тіс дәрігері ауыз қуысында кездесетін микробтармен қоздырылған зақымдалулардың этиологиясын, патогенезін, клиникалық көріністерін білуге міндетті.

НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА РАХМЕТ !!!



ПАЙДАЛЫНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

- Боровский Е.В.и соавт. Терапевтическая стоматология // М.- «Медицина».- 2003.- С.86-154
- Грудянов А.И., Стариков Н.А. Лекарственные средства, применяемые при заболеваниях пародонта // Пародонтология.- 1998.- № 2(8).- С. 6-17
- Данилевский Н.Ф. Заболевания пародонта // М.- «Медицина».- 1999.- С.28-46
- Дмитриева Л.А., Романов А.Е., Царев В.Н. Клинические и микробиологические аспекты применения реставрационных материалов и антисептиков в комплексном лечении заболеваний пародонта //М.- МЕДпресс. - 2002.- С. 76-94.
- Иванов В.С. Заболевания пародонта // М.- Медицина 2003.- С.28-32
- Коротяев А.И., Бабичев С.А. Медицинская микробиология, иммунология и вирусология // Санкт-Петербург.- 2000.- С.276-292